

**Д. Ж. Үсенов,**  
*әскери және тактикалық арнайы дайындық*  
*кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры*  
(Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты)

### **БОЛАШАҚ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН АТЫС ҚАРУЫНА (ТАПАНША) ҮЙРЕТУДЕГІ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫ**

«Қазақстан Республикасы құқық қорғау қызметкерлері» туралы заңының 8-тарауы толықтай құқық қорғау қызметкерлерінің атыс қарулары мен арнайы құралдарын қолдануына арналған. Сондықтан құқық қорғау қызметкерлерінің қызметінде атыс қаруларының орны ерекше. Алайда оны дер кезінде, орнымен пайдалана білу үшін қызметкерге көп тәжірибе, білім керек. Осындай тәжірибесіздіктен құқық қорғау қызметкерлерінің өз қызметі барысында оққа ұшып, мерт болып, жараланып жататыны көп кездеседі.

Қару қолданудағы келеңсіздіктердің төмендегіше себептері болады<sup>ii</sup>.

1. Қарумен жұмыс істеудегі сауатсыздық.
2. Қажетті кәсіби дайындықтың жетіспеуі.
3. Төніп тұрған қауіпті лайықты бағаламау.
4. Қауіп төнгенде асығыс атып, әріптесіне оқ ату.
5. Операцияны дұрыс жоспарламау нәтижесінде асығыс шешімдер қабылдануы салдарынан офицерлердің өліміне соғуы.
6. Тактикалық есептен жазылу немесе операцияны дұрыс жоспарламау.
7. Офицерлердің шектен тыс психологиялық және физикалық жүктемесі. Бір қызметкердің барлық операцияларға қатысып, нәтижесінде қатты шаршап немесе өзіне қатты сенуі салдарынан абайламай әрекет етуі.
8. Үрейден өзін-өзі ұстай алмау.
9. Қате тию.

Осындай жағдайларға байланысты құқық қорғау қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін дамыту бүгінгі таңдағы маңызды мәселелердің бірі. Әрбір атылған оқ қайта қайтарылмайды және ол кезекті атылған оқ емес, қызметкер үшін соңғы оқ болуы да мүмкін. Әскери атыс жаттығулары ұдайы қайталанып отырмаса, тіпті қаруды жақсы игереді дегендердің өзі оқиға барысында өзін-өзі жоғалтып, босандыққа бой алдырып, оның аяғы өлімге әкеліп жатқаны жасырын емес.

Соңғы он жылда әлемдік мектептердің практикасында заң қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін атқарылып жатқан жұмыстар көп. Солардың ішінде атыс дайындығы өмірі атыс қарумен байланысты болатын қызметкерлердің кәсіби дайындығындағы негізгі жұмыстардың бірі болып табылады. Нысанаға дәл тигізетін мергенді дайындау аса қиын емес. Спорттық атыс ойындарында оның түрлі жаттығулары мен әдіс тәсілдері жеткілікті. Тіпті кейбір адамдарды «Мерген болып жаралған» деп дәріптеп те жатады. Алайда қағаз қарсыласқа ату мен тірі адамға оқ атудың арасы жер мен көктей. Бұл үшін адам мерген болып туылмайды, ол қаншама тер төгудің, жылдар бойы тәжірибеден, қателіктерден жинақталады.

Көктен түскен жаза секілді атыс қаруы алғаш рет 9-шы ғасырда пайда болды да адамзат өміріне, тарихына түрлі өзгерістер алып келді. Ал қолға ұстайтын кіші атыс құралдары XIII—XIV ғасырда дами бастады.

Әскери қолға ұстайтын атыс қаруына Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің рұқсатымен арнайы тапсырмаларды орындау барысында қолданылатын ойып жасалған қысқа ұңғылы және тегіс ұңғылы қызметтік қарулар жатады.

Қысқа ұңғылы қызметтік қаруларға белгілі деңгейде шектеулер қойылған. Атап айтқанда; оққа жұмсалатын энергияның 300 Дж-дан аспауы; бірінен соң бірін атуы; барабанының сыйымдылығы 10 патроннан аспауы секілділер. Жалпы алғанда қазіргі тапаншалар мен револьверлерді қолданылуына қарай: әскери, қызметтік, азаматтық, арнайы қызметтік қару, арнайы, спорттық және аңшылық деп бөлуге болады<sup>iii</sup>.

Жалпы оқу орындарында жүргізілетін атыс дайындығы бағдарламасы мынадай бөлімдерден тұрады: техникалық дайындық, тактикалық дайындық, психологиялық дайындық, кәсіби дене дайындығы. Дене дайындығында қызметкерлердің қажетті қозғалыс қабілеттерін, шыдамдылығын қалыптасыруға дайындайды. Оны арнайы атыс дайындығындағы көп деңгейлі жүйе ретінде қарастыруға болады.

---

i «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары» туралы заңы. — Алматы, 2011.

ii Линдер И. Б., Лактионова Е. В. Вооруженная безопасность. Практическое руководство для сотрудников спецслужб. — М., 2008.

iii Лови А. А., Минин Р. А. Организация занятий по огневой подготовке. — М., 1973.